

Заң күші бар 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің жесірлерін әлеуметтік қолдау жөніндегі қосымша шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 10 сәуір N 2190. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.07.31. N 2394 жарлығымен. ~U952394

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына сәйкес және 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің жесірлерін мемлекеттік қолдауды күшейту мақсатында қаулы етемін:

1. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің екінші некеде болмаған жесірлері 1995 жылғы 1 шілдеден бастап олардың иелігіне жататын немесе пайдалануындағы, бірақ пайдалы алаңы 50 шаршы метрден аспайтын тұрғын үй алаңын, коммуналдық қызметті (сумен жабдықтау, газ, канализация, электр, жылу қуаттарын осы Жарлықпен белгіленген пайдалы алаң нормалары шегінде), ал орталықтан жылу берілмейтін үйлерде - белгіленген норма шегіндегі отынның құнын төлеуден; тамақ дайындау үшін пайдаланылған электр қуаты үшін; пәтер телефонын пайдаланғаны үшін

(қалааралық сөйлесуден басқа) төлемдерден босатылсын.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті осы Жарлыққа сәйкес жеңілдіктер беруге байланысты шығындарды өтеу тәртібі мен көздерін айқындайтын болсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК